

## "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Павлодар облысы Ақтөгай аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 111 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 мамырда № 4487 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтөгай аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтөгай аудандық әкімдігінің 20.06.2017 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының Үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Ақтөгай ауданының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕД:**

1. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізуден қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*C. Батыргұжинов*

Ақтөгай ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "5" мамырдағы  
№ 111 қаулысымен  
бекітілді

## **"Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округінің аумағында жергілікті мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің шешімдерімен және өкімдерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеменің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің орналасқан мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140207, Ақтөгай ауданы, Қожамжар ауылы, Садовый тұйық көшесі, 4.

10. Мемлекеттік мекеменің толық атауы - "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, государственное учреждение "Аппарат акима Кожамжарского сельского округа Актогайского района".

11. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

"Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі келесі тәртіпте құрылады: сағат 9.00-18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-14.30-ға дейін, аптасына бес жұмыс күн, демалыс күндері: сенбі-жексенбі.

12. Мемлекет Ақтөгай ауданының әкімдігі тұлғасында "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

13. Осы Ереже "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

## **2. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік**

**мекемесінің миссиясы, мақсаты, қызметінің мәні, негізгі міндеттері,**

**функциялары,**

**құқықтары мен міндеттері**

16. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округінің аумағында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

17. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мақсаты ауылдық округ әкімінің Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округінің аумағында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі қызметін қамтамасыз ету болып табылады.

18. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету болып табылады.

## 19. Негізгі міндеттері:

1) қоғамдық келісім, саяси тұрақтылыс пен қазақстандық отансүйгіштіктің конституциялық қағидаттарын жүзеге асыруға жәрдемдесу;

2) Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, облыс және аудан әкімдігінің қаулыларын, облыс және аудан әкімінің шешімдері мен әкімдерінің орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

3) Ақтоғай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің нормашығармашылық қызметін қамтамасыз ету;

4) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық ұйымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу.

## 20. Функциялары:

1) Ақтоғай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

2) азаматтар мен занды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдеседі;

3) жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарайды, олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолданады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметтік құжаттардың қаралуын қамтамасыз етеді;

5) мемлекеттік тілді барынша дамытуға бағытталған шараларды қабылдайды, оның халықаралық беделін нығайтады;

6) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдеседі;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз құзыреті шегінде нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асырады;

8) коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын, сондай-ақ, автомобиль жолдарының пайдаланылуы мен күтіп ұсталуын қамтамасыз етеді;

9) қоғамдық көлік қозғалысын ұйымдастырады;

10) шаруа және (немесе) фермер қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдеседі;

11) жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдеседі;

12) елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалданыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

13) тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

14) аз қамтылған тұлғаларды анықтайды, мемлекеттік органдарға еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныстар енгізеді, жалғызлікті қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

15) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде түрған тұлғаларды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді және өзге де әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді;

16) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіреді;

17) қоғамдық жұмыстарды, жастар практикасын және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырады;

18) кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізеді;

19) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілік және әскери қызмет, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері жөніндегі, сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

20) шұғыл медициналық көмек көрсету қажет болған жағдайда ауруларды дәрігерлік көмек көрсететін таяу жердегі денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізіп салуды ұйымдастырады;

21) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара әрекеттеседі;

22) шаруашылықтар бойынша есепке алууды жүзеге асырады;

23) құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтар мен ұйымдарды есепке алууды жүргізеді, оларды көтермеледің түрлері мен тәртібін айқындауды;

24) туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеуді орындарын тиісті қалпында күтіп-ұстау жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырады;

25) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсетеді;

26) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

21. Құқықтары мен міндеттері:

1) аудан әкімдігінің, әкімінің және жоғары сатыдағы ұйымдардың қарауына Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі дамуының негізгі бағыттары, мәселелерді жедел шешу жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

2) заңнамамен белгіленген тәртіpte мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан және өзге де ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрау және алу;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

"Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өкілеттіліктерін орындау үшін ауданның өзге де атқарушы органдары, ұйымдары мен мекемелерімен өзара әрекеттеседі.

### **3. "Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

22. "Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Қожамжар ауылдық округінің әкімі жүзеге асырады.

23. Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округінің әкімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тағайындалады және қызметінен босатылады.

24. Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің орынбасарлары жок.

25. Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің өкілеттігі:

1) "Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ережесін аудан әкімдігінің бекітуіне ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

3) "Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлерімен орындалуы міндетті өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер, өкімдер қабылдайды және нұсқаулар береді;

4) жеке тұлғаларды және занды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;

5) қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін көтермеледі, материалдық көмек көрсетуді, оларға тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

7) "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің келешектегі және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

8) барлық мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

9) сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қажетті шараларды қолданады және осы үшін дербес жауапты болады;

10) өз құзыреті шегінде шарттар, келісімдерді жасайды;

11) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округінің аумағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазалар қолданады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің болмауын кезеңін оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

26. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мен еңбек ұжымының арасындағы қарым-қатынастары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

27. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық мүлікті басқару бойынша уәкілетті органдының (аудан әкімдігі атқарушы органды) арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

28. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саласының уәкілетті органдының арасындағы қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен реттеледі.

#### **4. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

29. "Ақтөгай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлікке ие болуы мүмкін.

30. "Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлкі және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырады.

31. "Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

32. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. "Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату)**

33. "Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

34. "Ақтогай ауданы Қожамжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі таратылған кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік аудандық коммуналдық меншікте қалады.